

## ТАЛАС ОМАРБЕКОВ

Қазақтың ең көне қалаларының бірі, ежелгі дәуірдегі ең ірі мәдениет орталығы - Тараз. Тараз бертін келе Әулиеата аталды. Жыр алыбы Жамбылдың ақындық атағы асқақтап тұрған кез. Кеңестер Одағы Жамбылды Мәскеуге шақырып, құрмет көрсетті. Жыраудың туған өлкесіндегі бас қала Әулиеата қаласын Жамбыл қаласы деп атады. Елге қайтып келе жатқанда, пойыз Әулиеата-Жамбыл қаласының тұсына келіп қалады. Сол сәтте Жамбыл орнынан атып тұрып, вагонның еденіне тізерелеп отыра кетеді. Сонда қарт жырау маңдайын жерге тигізгендей болып, жүрегін жарып шыққан сөзін айтқан екен. Қасындағы хатшысының құлағына өлеңнің мынадай екі жолы ғана шалыныпты:

Атыңнан айналайын Әулиеата,  
Атымды ап қойдың деп болма қапа...

Қалған жолдары белгісіз. Есте қалған осы екі жолдың өзінде жүз жыл жасаған жайсаң жанның туған өлкесінің өткеніне, тарихына деген шексіз құрметі бар.

Бүгінде тіліміздің ұшында Тараз тұратыны рас. Сонда ойымызда Әулиеата, Жамбыл тұратыны да шын.

1998 жылы «Атыңнан айналайын Әулиеата» деген кітабым жарық көрді. Кәсіби зерттеу нысанам - әдебиет. Әдебиеттану профессорымын. Сөйте тұра Әулие ата өлкесінің тарихы, тарихи тұлғалары, тарихи аңыздары туралы мәлімет беретін бір дерек көзін тапсам, болмаса келелі бір әңгіме ести калсам, қатты толқитыным бар.

Атыңнан айналайын Әулиеата өңірі - тұнған тарих. Мұнда ежелгі және орта ғасырлар тарихының адам сүйсінер және керемет таңданаралықтай тарихи ескерткіштері сақталып, бүгінгі күнге жеткен. Солардың ішінде тек қана Айша бибінің, Баба Әженің және Қараханның кесенелері айналасындағы аңыз бен ақиқаттың өзінде телегей-теңіз тарих бар. Әр ескерткіште ғасырлардың қайталанбас өрнегі бейнеленген. Айша бибі кеснесі кірпішінің бетінде сақталып қалған өрнектің өзінде ғұламалар осы күнге дейін оқып, түсініп болмаған сырлар тұнып жатыр. Тараз-Әулиеата келбеті осындай тағылымға толы тарихымен толғандырады.

Тараз-Әулиеата өңірінде кезінде гүлдей жайнаған, өркениеті өскен, қилы замандардың құйындары соққанда, топырақ астында қалған көптеген қалалар болған. Мұнда аттап басқан сайын ежелгі төрткүлдер мен керуен сарайлары, сауда орындары кездесіп отырады. Олардың көбісі төмпешікке айналса да, бір замандардағы көпкүмбезді, еңселі қақпалы, ақшаңқан, сұлу қалалардың өзіндік сырлы да сымбатты архитектурасынан хабардар етеді.

Осындай тұңғыық тарихтан бастау алатын әулие мекенде дүниеге келген адамның өткен тарихқа терең бойлап, оның құпия сырын шүкшія зерттеп, тамаша тарихшыға, ғұлама-ғалымға, айтулы азаматқа айналуы әдеттегі нәрседей көрінеді. Осы тұрғыдан қарағанда, Талас Омарбекұлының

тарихшы мамандығын таңдауы тамаша таңдау болып көрінеді.

Талас Омарбекұлы әлемге әйгілі құпия елді-мекен, қабырғасы қалың да алып тастардан қаланған атақты Ақыртас қамалының іргесінде, ортағасырлық Түймекент шаһарының түбінде дүниеге келді. Көзін ашқанда көргені Ақыртас болды, көңілін ашқанда білгені құм астында қалған Түймекент болды. «Тарихпен аяқтанған», немесе «тарихпен көзін ашқан» дегенді жұрт осындай жағдайға байланысты айтқанға ұқсайды. Осындай тұнған тарих аясында дүниенің есігін ашқан, бала кезінен байырғы Тараз, кейінгі Әулиеата өңірінің сан түрлі, қат-қабат тарихынан хабардар болып, олардың құпиясын тереңірек білсем деген арман жетегіндегі жас - бүгінде туған тарихымыздың тұрлаулы тұлғасы, әйгілі жылнамашысы. Ол - тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик. 800-ден астам ғылыми еңбектер жариялады, олардың ішінде 30-дан астам іргелі монографиялық зерттеулер, 20-дан астам оқулықтар мен оқу құралдары бар. Таңдамалы еңбектері Канадада, Үндістанда, Германияда, Түркияде, Ресейде және басқа елдерде жарық көрді. 30-дан астам ғылым кандидаттарын, 10-нан астам ғылым докторларын даярлады. Жаңа ғылыми-зерттеу бағытын ашты, ғылыми мектебін қалыптастырды. Қазақстан жоғары мектебі мен ғылымының дамуына зор үлес қосты. 2015 жылы Тәуелсіз аккредитация және рейтинг агенттігінің (НААР) шешімімен Қазақстандағы ең үздік 30 оқытушы-профессор қатарында дараланды.

Талас Омарбекұлы екеуіміз беріде таныстық. Таныса сала-ақ мен Тәкеңнің ыңғайына бейімделіп, тарихтың қилы кезеңдерінен, өңірдің тауы мен даласының, суы мен шөлінің тарихынан мәлімет алғым келіп тұратын болдым. Жақынырақ біліскенде, Тәкең менің «Атыңнан айналайын Әулиеата» кітабымда жеке зерттеу көлемінде сөз болған, ғылыми өмірбаяны жасалған Байзақ датқаның тұяғы болып шықты. Байзақ датқаның өмір жолының қаһармандық белестері мен трагедиялық еңістері, тағдыр-талайы қайталанбас даралығымен ерекше. Ол ерекшелікті толғанбай, ойланбай қабылдау мүмкін емес... Осыдан соң-ақ Тәкеңе ерекше ықыласпен қарайтын болдым.

Тәкеңнің туған жеріндегі Ақыртас туралы ертедегі дерек көздерінен іздеп жүріп бірталай аңыз таптым, Түймекент аңыздарынан жинағандарым да біршама, Шөлтөбе аңызын да тебіренбей оқу мүмкін емес. Бәрі де ертеректе хатталған, баспа жүзін көрген дерек көздерінен. Сол аңыздардың бәрі маған ыстық көрінеді. Сол аңыздар алқабында Таластың басынан, Ақыртөбенің қасынан, Түймекенттің түбінен тұлғаланып шыққан Талас Омарбекұлына да тура сол аңыздарға қарағандай қарайтын болдым. Тәкең маған бойында мен әлі білмейтін ғажап аңыздардың асыл жылғасы жасырынып жатқан жан сияқты болып көрінеді.

Қазақ тарихы ұлт-азаттық күрестеріне толы. Талас Омарбекұлының өз өмірбаяны да осы күрделі тарихтан тікелей бастау алады. Тәкеңнің ата-бабалары Дулат тайпасының Шымыр руынан тарайтын Жаңабай ру тармағының көрнекті, елге танымал тарихи тұлғалары болған. Осы рудан бүкіл қазаққа белгілі Абылайдың әйгілі жас батырларының бірі Мәмбет

батыр және оның ұлы, қоқандар зеңбірекке байлап атқан атақты Байзақ батыр шыққан. Талас Омарбекұлының өзінің ата-бабасы да осы өңірдегі әйгілі, ел қадірлейтін ру ақсақалдары еді. Олар қилы заманда кеңестік-тоталитарлық жүйенің құрбаны болып кетті.

Талас Омарбекұлы Абай атындағы ҚазПИдің (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) тарих факультетіне оқуға түсіп, әйгілі тарихшы Е.Бекмахановтың ісіне байланысты куғын-сүргінге ұшыраған, ұлт тарихын зерделеуші ғалым-ұстаздардан, қазақтар арасынан тарих ғылымы бойынша ғылыми дәреже алған алғашқы профессор Х.Әділгереев, профессорлар С.Толыбеков, Н.Киікбаев, А.Бақшилов, А.Ахмеджанов, А.Муратовский сияқты заңғар ғалымдардан дәріс алды, тарихқа, тарих ғылымына деген көзқарасы осындай ғылыми мектеп үлгісінде қалыптасты.

Тарихшы мамандығын таңдаған студенттің тағы бір табысы Кенесары қозғалысын жақтайтын ғалымдардан ғана білім алу емес, оған қарсы, осы қозғалысты феодалдық-монархиялық деп бағалайтын, яғни тапшылдық пиғылдағы өзіміздің зерттеушілердің де пікірлерін тыңдап өсу мүмкіндігіне ие болғаны еді. Солардың ішінде Қазақстан тарихынан Кенесары көтерілісін барлық еңбектерінде айыптап жазған профессор Т.Шойынбаев та болатын. Болашақ тарихшы осындай қарама-қарсы көзқарастарды пайымдап, олардан өзіндік логикалық түйіндер мен тұжырымдар, қорытындылар жасады. Бұл әйгілі жазушымыз І.Есенберлиннің «Қаһар» атты Кенесары көтерілісіне арналған тарихи романының қоғамда, әсіресе зиялы қауым арасында рухани сілкініс туғызған кезең еді. Мұнан, әрине, студент Талас та тыс қала алған жоқ. Кімдікі дұрыс? - деген сауалға жауап іздеген тарих факультетінің студенттері жазушының өзімен кездесу өткізіп, қосымша әдебиеттерді іздестіріп, өз беттерінше топшылаулар жасайтын. Осындай ғылыми орта Талас Омарбекұлының тарихшы мамандығын жүйелі, терең меңгеруіне негіз болды.

1971 жылы басталған тарихшы-ұстаз қызметінде де Талас Омарбекұлы осы әдетінен тайған жоқ. Тарих факультетінде ортағасырлар тарихы бойынша маманданғандықтан және өзі де тұнған тарихтың ордасында қалыптасып, азамат болғандықтан, ол о бастан-ақ ортағасырлық елді мекендердің тарихына үңіліп, өзінің орта мектептегі шәкірттерін де туған тарихқа деген құштарлық сезімімен баурады.

Бүгінгі Байзақ ауданының Тегістік және Шахан ауылдары 70-ші жылдардың басында Талас Омарбекұлының осындағы әйгілі ортағасырлық қамал Оххумды (Оқымды) зерттеген, онда қазба жұмыстарын жүргізген зерттеушілік әрекетінен жақсы хабардар. Ол осындағы Талас өзеніне қойындасып жатқан, бұрын ғалымдар назарынан тыс қалып келген үш дербес қорғандардан тұратын Тегістік төрткүліне де алғашқы қазба жұмыстарын жүргізген еді. Жас ұстаздың алғашқы талпыныстарын Таразда облыстық музей қызметкері А.Поповтың, Алматыда әйгілі археолог К.Ақышевтың қолдауы оның тарих тереңін тануға деген құштарлығын арттыра түсті. Осының нақты бір көрінісі Талас Омарбековұлының ортағасырлық Оххум қаласының тарихына байланысты «Білім және еңбек» (қазіргі «Зерде»)»

журналында жарық көрген алғашқы тарихи-зерттеу мақаласына Кемел Ақышевтың ұнамды пікір айтып, сәт-сапар тілеуі еді.

1972 жылдан бастап ол республикалық баспасөз беттерінде Қазақстан тарихын орта мектепте оқыту әдістеріне және жас ұрпақты тарих тағылымы негізінде тәрбиелеуге арналған мақалаларын көптеп жариялады. Ауыл мектебінің жас ұстазының ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбегі жоғары бағаланып, 1974 жылы «Социалистік жарыс жеңімпазы» деген әйгілі белгімен марапатталды.

Алайда аудандық партия комитеті зерттеуші-тарихшының алғашқы қадамдарына қолдау білдіре қойған жоқ, партияның саясатын марапаттаудың орнына, қайдағы бір ортағасырлық елді-мекендер тарихына шұқшиған тарихшы арнайы талқылаулардың тезіне түсті. Бұл Таласты аудандық партия комитетіне жұмысқа шақырғаннан кейін орын алған ерсіліктер еді. Жас мұғалім осыдан соң өмірін ғылыми тарихпен байланыстыруға бекінді. 1977 жылы ол Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасына түсті.

Аспирантурадағы жылдарда ғылыми жетекшісі, сол кездегі Абай атындағы ҚазПИ-дің ректоры Ж.Жұмабековтың, осында проректор болып жұмыс жасаған, кейіннен бүкіл қазаққа әйгілі азамат М.Арыновтың, Ц.Л. Фридманның, Қ.Шүлембаевтың, Қ.Қасымовтың, Ә.Тұрсынбаевтың және басқа ұстаздарының қамқорлығы арқасында жас ғалым колхоз құрылысының тарихы мәселелері бойынша дайындаған кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Ғылыми-зерттеу еңбекті Қазақстандағы, Ресейдегі белгілі мамандар қызу қолдады.

Аспирантурадан кейін ұстаздық жолын өзі оқыған оқу орнында жалғастырған Таласты 1988 жылы елімізде болған саяси өзгеріске байланысты Қазақстан тарихын жаңаша көзқараспен қайта жазуды ойластырған Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті сол кездегі Партия тарихы институтының тарих секторына аға ғылыми қызметкер ретінде шақыртып алды. Осында ол Орталық Комитеттің қазақ тарихына жанашыр Өзбекәлі Жәнібеков, Қуаныш Сұлтанов тәрізді азаматтардың ықпалымен және ақыл-кеңесімен зерттеу жұмыстарын жаңа бағытта жандандырды.

Ресми мекеменің жанында жұмыс істеу ғалымға партия органдарының кеңестік кезеңдегі қуғын-сүргінге қатысты құпия құжаттарымен, ОГПУ-дің бұрын жабық болып келген көптеген іс-қағаздарымен терең және жан-жақты танысуға жол ашты. Талас Омарбекұлы ғылыми ізденістерін партияның 20-30-шы жылдардағы зобалаң саясатын әшкерелейтін еңбектер жазудан бастады. Оның «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген «Голощекин геноциді» деп аталатын көлемді еңбегі осындай зерттеулердің алғашқы бастауы еді.

Партияның билігі кезінде оның саясатын қаралап, мақала жазу қазақ зиялыларының бәрінен бірдей қолдау таба қойған жоқ. Әсіресе, бұл еңбекте тұңғыш рет 1931- 33 жылдардағы аштықта аштан қырылған 2 млн. аса қазақтың санын нақтылай түсетін деректердің жарық көруі сол тұстағы кейбір партия қызметкерлерінің наразылығына ұшырады. Нәтижесінде, саяси

қысым жұмсарған «жариялылық пен демократия» жылдарының өзінде Т.Омарбекұлына ашықтан-ашық қысым жасалып, мұндай зерттеу мақалаларды жазуға болмайтындығы ескертіле бастады. Мәселенің ұшыққаны сондай, «Егемен Қазақстан» газеті тарихшы ғалымға принципті түрде ара түсіп, оны қорғады.

Ғалым 1991 жылы еңбек жолын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жалғастырып, 2016-2017 оқу жылына дейін Қазақстанның ежелгі және ортағасырлардағы тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Бұл кафедрада қазақ халқының бұрынғы қалыптасу тарихын әртүрлі қырынан зерттейтін мамандар топтастырылған еді. Талас Омарбекұлының кафедра мүшелерінің ғылыми ізденістерін іргелі ғылыми-зерттеу салалары бойынша бағыттауы, оқытушылық пен зерттеу қызметін ұштастыра жүргізуді қамтамасыз етуі ұжымның ғылыми және педагогикалық жұмыста аса қомақты, ірі жетістіктерге жетуіне алып келді. Ғалымның өзі де тынбай ізденіп, бұрын өзі 70-ші жылдардан бастап қолға алған ортағасырлар тарихы мәселелерін нақты зерттеуге көңіл бөлді. Сонымен қатар ол қазақты құраған ру-тайпалардың ежелгі тарихын жүйелі түрде зерттеп, жазып шығу тәрізді ауыр да күрделі міндетті жүзеге асырды.

Х.Ғабжалиловтың бас редакторлығымен және Т.Омарбековтің ғылыми жетекшілігімен халқымыздың тарихының бүгінгі күнге дейін қолға алынбай келген этникалық мәселелерін тереңнен қозғайтын «Алаш» тарихи зерттеу журналы талантты тарихшылардың зерттеу жұмыстарының ортақ мүдде бойынша жүргізілуіне, «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығының қалыптасуына ықпалын тигізді. Соның нәтижесінде қазақ ру-тайпаларының ежелгі тарихы, халқымыздың өткенінде орын алған әртүрлі этнонимдардың қыры мен сыры тиянақты түрде зерттеліп, мемлекетіміздің ұлттық мүддесі тұрғысынан тың да жаңа ғылыми топшылаулар мен тұжырымдар жасалды. Кезінде Шәкәрім қажы қозғаған, М.Тынышпаев және Н.Аристов тәрізді талантты зерттеушілер зерттеген, бүгінгі күні әр ауылда жазылып жатқан қазақ шежіресінің ғылыми түрде қайта саралануына және объективті баға алуына қол жетті. Ғылыми орталық қазақтың көкейінде жүрген рухани-әлеуметтік сұраныстарын қанағаттандыратын, халыққа керек зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізу, үйлестіру бағытында нығайып, қалыптасты.

Қазақ, Қазақстан тарихының өзекті мәселелері ғалымның «Тарих тағылымы не дейді» (1993), «Зобалаң» (1995), «Қазақстан қасіреті» (1997), «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері» (2003), «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» (2004), «Тарихпен өрілген тағдыр» (2007), «Голодомор в Казахстане» (2011) атты іргелі зерттеулерінде, басқа да еңбектерінде жан-жақты, ұлттық мүдде тұрғысынан тереңдетіліп зерттелді. Тарихшы кеңес заманында қарастырылмаған, қарауға тыйым салынған аса ірі, ұлттық мазмұны терең, өзекті шындық құбылыстардың тарихи, саяси мәнін ашты. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен және тең авторлығымен жазылып, жарыққа шыққан ұжымдық зерттеулердің де ғылыми және әлеуметтік маңызы үлкен. Бұл қатарда жиырма жеті том болып жарық көрген «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» ерекше назар аударады.

Тоғыз том болып жарық көрген «Қазақтың этникалық тарихы» да ұлттық тарихтану ғылымының асыл қорын байытқан құндылық болды. Ғалымның осы бағытта жеке авторлығымен жазылған және жарияланған «Қазақ түркілерінің этникалық тарихы (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. IX ғасыры)» (2013), «Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX – XI ғғ.)» (2014), «Қазақ хандары» (2017), «Қазақ мемлекеті: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны» (2017), «Қазақтың шығу тегі» (2018) және т.б. көлемді ғылыми еңбектері - отандық тарих ғылымының дамуына қосылған үлкен табыс.

Көрсетілген еңбектерде туған тарихымыздың келелі мәселелері жаңа қырынан қойылып, ашық, құпия мұрағаттар қорында сақталған құжаттар негізінде қарастырылған және жаңаша бағаланған. Зерттеу нәтижелері бойынша жинақталған ойлар мен пікірлер, қисындар, тұжырымдар нақты әрі бай мұрағаттық дерек көздерін саралау мен сараптау негізінде дәлелденген.

Зерттеушінің ғылыми зерделеу жүйесінде ерекше атап өтетін мынадай бір жай бар: 1929-31 жылдар аралығында Қазақстанда орын алған қазақ шаруаларының тоталитарлық жүйеге қарсы күресі алғаш рет ғылыми түрде жан-жақты зерттелді. Осы еңбектердің арқасында оқырман Бетпаққара, Ырғыз, Созақ, Балқаш, Сарқанд, Абыралы, Шыңғыстау аймақтарында және т.б. елді мекендерде орын алған қазақ шаруаларының қантөгіске толы көтерілістерінен хабардар болды. Ең маңыздысы - Талас Омарбекұлы бұл көтерілістерге тұңғыш рет ұлт-азаттық қозғалысы деген баға берді. Бұл бұған дейін негізделмеген, айтылмаған жаңа ғылыми тұжырым еді. Автор еңбегінің тағы бір маңызды жетістігі - осы көтерілістерге қатысқан, халық хан көтерген, елге сыйлы әрі қадірлі көптеген тарихи тұлғалар тәуелсіз тарихымызға алғаш рет лайықты қаһармандар ретінде енді.

1931-33 жылдары ашаршылықта қанша қазақтың босқыншылыққа ұшырап, жат жұртқа ауып кеткенін және осы зобалаңда 2 млн. 200 мыңнан астам қазақтың қырылғанын тарихи деректер негізінде нақты талдап, пайымдауы мен дәлелдеуі Талас Омарбекұлының Отан тарихы туралы ғылымдағы тағы бір ірі жетістігі болды. Ол Қазақстанның халық шаруашылығы есебі басқармасының төрағасы М.Саматовтың, оның орынбасары Л.Мацкевичтің Мәскеуге және Қазақстан басшысы Л.Мирзоянға жазған нақты хаттарына, кезінде И.Сталин жариялауға тыйым салған 1937 жылғы бүкілодақтық халық санағының есептеріне, сондай-ақ жыл сайын жүргізілетін салық санағына талдау жасап, тарихи-әлеуметтік маңызы зор, тиянақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Бұған дейін зерттеу нысаны болмаған, ғылыми айналысқа түспеген мұрағаттық деректер негізінде жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстан тарихы туралы ғылымды бұған дейін болмаған жаңа ғылыми қағидалармен байытты.

Талас Омарбекұлының еңбектері арасында оның байырғы бабасы Мұхаммед Хайдар Дулатидің тарихи мұраларын зерттеуге байланысты ізденістері – өз алдына бір сала. Ғалымның бұл бағыттағы зерттеулері кезінде кенеттен қайтыс болған тарихшы ұлы Шыңғыспен бірігіп жазған «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» атты еңбегінде біршама жинақталып берілген. Оқырмандар бұл зерттеулерден ұлы тарихшы

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» мұрасының қазақ тарихы үшін аса құнды екендігін, бұл еңбектің шын мәнінде қазақ мемлекеттілігінің - Қазақ хандығының - тарихи бастауларын және саяси негіздерін айқындап беретін бірден-бір ерекше орнын айқын байқайды. Кезінде Моғолстан деген атпен әйгілі болған Қазақстанның оңтүстігіндегі және Жетісудағы мемлекеттік құрылымның қазақ мемлекеттігін қалыптастырудағы орны мен рөлі бұрын мұншалықты айқын айтылмаған болатын. Қазақты құраған тайпалардың белсенді іс-әрекеті, олардың мемлекеттік билікке ықпалы дәл осы зерттеулерде анықтала түсті.

Талас Омарбекұлы 2012-2014 жылдары мынадай маңызды ғылыми жобаларға жетекшілік етті: «Түркі халықтарының этникалық қауымдастығының және мемлекеттілігінің қалыптасуының рухани және идеологиялық негіздері», «Орталық Азия көшпелілерінің этносаяси байланысын зерттеудегі ежелгі түркі және ежелгі қытай жазба деректерінің рөлі». Кейінгі бес жыл көлемінде ғалым «Халық тарих толқынында» ҚР Мемлекеттік бағдарламасы аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ашылған «Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттерді зерделеудің республикалық ғылыми-зерттеу орталығының» директоры қызметін атқара жүріп, Мемлекеттік бағдарлама міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруда. Бағдарламаны іс жүзіне асыру барысында орталық ұжымы мынадай ірі нәтижелерге қол жеткізді: «Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы» атты 4 томдық ұжымдық монография, «Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттер тарихының мәселелері» атты ғылыми мақалалар жинағын, «Қазақстан (Қазақ елі) тарихы» атты 4 кітаптан тұратын (оқулық, практикум, оқу-әдістемелік құрал) оқу кешенін жариялады. Орталық жұмысының 2015 жылғы қорытындысы ретінде «Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу мәселелері және теориялық-методологиялық ұстанымдар» атты халықаралық дәрежедегі конференция ұйымдастырып, Орталықтың зерттеу нәтижелерін сараптаудан өткізді. Осы еңбектердің ішінде «Қазақстан тарихы (Қазақ елі)» төрт томдық оқу-әдістемелік кешенінің (оқулық, практикум, оқу-әдістемелік құрал) әлеуметтік маңызы мен мәні айрықша зор екенін атап айту парыз. Бұл - Қазақстанның арғы-бергі тарихындағы қазақ тілінде жазылған және жоғары мектепке арналған алғашқы толымды және кешенді оқулық.

Талас Омарбекұлы - мектеп оқушыларына, студенттер мен магистранттарға және PhD докторанттар мен тарихшыларға арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жазуда да өзінің құзіреттілігін танытып келе жатқан ғалым. Ол - мектептің 5,6,7 және 8-сынып оқушыларына арналған «Қазақстан тарихы» оқулығының авторы. «Қазақ түркілерінің этникалық тарихы (б.з.б. I мыңжылдық - б.з. IX ғасыры)», «Қазақ түркілерінің шығу тегі», «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті», «Зобалаң (күштеп ұжымдастыруға қарсылық, 1929-1931 жылдары болған халық наразылығы)», «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері» және т.б. еңбектері университеттер мен педагогикалық институттардың оқу үдерісінде, оқу-зерттеу жұмыстарында кеңінен пайдаланылуда.

Көп жылдар бойы тарихымыздың қыры мен сырын зерттеп, шәкірттеріне тәлім-тәрбие беріп келе жатқан Талас Омарбекұлы бүгінде өзінің ғалым ретінде кемеліне келген, зерттеуші ретінде әбден толысқан шағында. Ғалымның Қазақстан жоғары мектебі мен ғылымының дамуына, елдің тарихи есінің, қоғамдық санасының жаңғыруы мен жаңаруына қосқан үлесі зор.